



010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ ЖЫЛҒЫ «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

*2019 жылдың 06 қарашада жарияланды*

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
А.Ұ. Маминге**

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

### Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Үкіметтің, Nur Otan партиясы мен оның Мәжілістегі Фракциясының мүшелері қатысқан кеңесте Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ел-жұрттың нақты мәселелерін бірлесе шешу керектігін атап өтті: «Стратегиялық бағытты негізге алып, әртүрлі әлеуметтік топтардың нақты мүдделерін көздеп, ел-жұрттың нақты сұраныстарын өтеген жөн», – деді Елбасы.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 2 қыркүйектегі алғашқы Жолдауында адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аударуды «мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдықтарының» бірі деп белгіледі: «Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет», – деп баса айтты Қазақстан Президенті.

Бұдан бұрын Сіздің атыңызға, сондай-ақ Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі атына Ауған соғыс ардагерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету жайында хат жолдағанмын. Алайда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінен келіп түскен жауап аталған хаттағы өзекті мәселелерді толықтай қанағаттандырмайды.

Сол себепті осы мәселелерді бұдан ары жан-жақты пысықтап, қажеті іс-шаралар қабылдау керек деп есептеймін.

Жоғарыда айтылғанды ескере келе, Сізден ардагерлерді қатты мазалайтын, әрі жедел шешімін күткен келесі проблемаларын шешу мүмкіндігін қарастыруыңызды сұраймын:

**Біріншіден,** Қазақстан бойынша 1500-дей Ауған ардагері ғана үй кезегінде тұр. Жаны мен тәні жаралы, егде тартқан ардагерлердің

«жетімбұрыш» жағалап жүргені Үкіметке ұят іс, елдігімізге сын. Баспанасыз Ауған ардагерлерінің көбі кезекте 15 және одан көп жылдан бері тұр. Осы санаулы ғана ардагердің баспана мәселесін шешу – мемлекеттік маңызды мәселе. Осылайша, Отан қорғаушыларға деген құрметтің сабақтастығы қамтамасыз етіледі және бұл олардың қоғамдағы мәртебесін биіктетеді.

**Екіншіден**, Ауғанстандағы ұрыс қимылдарына қатысқан 700 ардагерге кезінде мемлекеттік тұрғын үй қорынан бөлінген, өздері ұзақ уақыт бойы тұрып жатқан баспаналарын тегін меншікке беру мәселесі шешілуі қажет. Мұның жақсы үлгісі де бар. Мысалы, Ақтөбе қаласының әкімдігі өз аумағында тұрғылықты тұратын 11 Ауған ардагеріне тұрып жатқан үйлерін жекешелендіруіне жәрдемдесті. Ал басқа өңірлерде жергілікті атқарушы органдар өз құзыреті шегінде шешім шығарып, ардагерлерге жекешелендіруіне жәрдемдесу орнына, сотқа шағымдануын талап етіп, сергелдеңге түсіруде. Бүгінде баспанасын тегін меншікке алу құқығына тек ҰОС ардагерлері ие. Белгісіз себептермен Ауған ардагерлері бұл тізімге кірмей қалды. Бұл тұрғыда әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру керек деп есептейміз.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы жоғарыда аталған мәселені жеке бақылауыңызға алып, заңда белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,  
Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің депутаттары,  
Nur Otan Фракциясының мүшелері**

**Б. Смағұл  
А.Т. Қожахметов**

*Орын, Ж. Есназаров  
Тел: 74-67-40*